

Облыс әкімдігінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі "Коммуналдық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мұліктік жалға (жалдауға) беру Ережесін бекіту туралы" N 201/9 қаулысына (2002 жылғы 16 қазандағы МТН 1493) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2004 жылғы 3 ақпандағы N 44/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 28 ақпанды N 2317 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005 жылғы 1 наурызыдағы N 61/2 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2005 жылғы 1 наурызыдағы N 61/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2003 жылғы 1 тамызыдағы "Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2001 жылғы 15 мамырдағы "Республикалық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мұліктік жалға (жалдауға) беру Ережесін бекіту туралы" N 111 бүйрекшінде өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" N 249 бүйрекшінде сәйкес облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

облыс әкімдігінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі "Коммуналдық мемлекеттік мекемелердің балансындағы объектілерді мұліктік жалға (жалдауға) беру Ережесін бекіту туралы" N 209/1 қаулысына (2002 жылғы 16 қазандағы МТН 1493) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Коммуналдық мемлекеттік мекемелер балансындағы олардың ведомстволық құрылымынан тәуелсіз коммуналдық мемлекеттік мекемелерді жайларға орналастыру баланс ұстаушының келісімін мұдделі коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жазбаша ұсынуынан кейін мемлекеттік мекемелердің уәкілді органдарының келісімі бойынша облыс коммуналдық меншік департаментінің шешімі арқылы белгіленсін.

Облыс коммуналдық меншік департаментінің шешімі негізінде мұдделі коммуналдық мекеме және баланс ұстаушы арасында коммуналдық қызметтерге, ағымдағы және күрделі жөндеулерге жұмсалатын аударымдар төлемдері, ғимаратқа қызмет көрсету төлемдері тәртібі қаралатын шарт жасалады";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.З.

Б о ч и н г е

жүктелсін";

көрсетілген қаулымен бекітілген, коммуналдық мемлекеттік мекемелер балансындағы объектілерді мұліктік жалға (жалдауға) беру Ережесінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Облыстың атқарушы органды Объектілерді мұліктік жалға (жалдауға) беру кезінде Объектілердің орналасқан жері, түрі, жай-күйі, сондай-ақ мақсаты ескеріліп жалдау ақысының мөлшері мен көтеріліп отыратын (төмендеп отыратын) коэффициенттердің мөлшерін аймақтық жағдайларды ескере отырып анықтайды және бекітеді";

мына мазмұнда 49-1-тармақпен толықтырылсын:

"49-1. Жалға берушінің келісімі бойынша мұлікке салық салымын төлеу Жалдаушыға жүктелуі мұмкін.

Бұл кезде Жалдаушы баланста ұстаушы берген есепке сәйкес мұліктің салық салымын төлейді және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіpte салық салымына есеп беру үшін баланста ұстаушыға төлем құжатының көшірмесін береді".

Облыс әкімі

K. Нұрпейісов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК